

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 7 наурыздағы N 227 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 22 желтоқсандағы N 1293 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Элиталық тұқым шаруашылығын және мал тұқым асылдандыру ісін сақтауға және дамытуға қаражат төлеудің 2003 жылға арналған ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 7 наурыздағы N 227 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 10, 114-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Элиталық тұқым шаруашылығын және мал тұқымын асылдандыру ісін сақтауға және дамытуға қаражат төлеудің 2003 жылға арналған ережесінде:

13 - тармақта:

1) тармақшаның екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"күздік дақылдар және көшеттер бойынша - 2003 жылғы 24 желтоқсанға дейін";

2) тармақшаның төртінші абзацы "тексерілген элиталық тұқымының" деген сөздердің алдынан "көшеттерді қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын;

көрсетілген Ережеге қосымшада:

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7) сатылған ауыл шаруашылығы дақылдары элиталық тұқымдарының 1 тоннасына (данасына) субсидиялар нормативтері:

Өнімнің түрі	Элиталық тұқымдардың 1 тоннасының (данасының) құнын арзандату (% , дейін)	Сатылған элиталық тұқымдардың 1 тоннасына (данасына) субсидиялар нормативті (теңге, дейін)
Жүгері мен күрішті қоспағанда, және дақылдар	40 дән ді - бұршақты	12073

Жүгері, бірінші	40	74000
буындағы	будандарды	
қоса	алғанда	
Күріш	40	16960
Күнбағыс, бірінші	40	60000
буындағы	будандарды	
қоса	алғанда	
Өзге де майлы дақылдар	40	36000
Картоп	40	27630
Жоңышқа	40	127200
Өзге де көп жылдық	40	48800
шөптер		
Бір жылдық шөптер	40	12680
Қант қызылшасы	40	468500
Мақта, бірінші	40	23320
репродукциясын		қоса
алғанда		
Жеміс көшеттері	40	48

2. Осы қаулы ресми түрде жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі